

Қарастырылды:

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің «Күләш Байсейітова
атындағы дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ педагогикалық
көзесінің
Хаттамасы № 7 «О» 11.20.23 ж

Бекітемін:

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің «Күләш Байсейітова
атындағы дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.



**ҚР МАМ «К. БАЙСЕЙТОВА АТЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
РММОМИ» РММ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ**

№ 11 03.11.2023 ж.

МАЗМУНЫ:

1. Жалпы қағидалары;
2. Жалпы білім беру бөлімі мақсаттары мен мәселелері;
3. Жалпы білім беру бөлімінің құзыреттері
4. Жалпы білім беру бөлімінің жұмыс тәртібі;
5. Білім берудің үлгерімі мен сапасын бағалау және бақылау;
6. Жалпы білім беру бөлімі басшысының функциялары, құқықтары мен міндеттері;
7. Жалпы білім беру бөлімі педагогінің құқықтары мен міндеттері
8. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері
9. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері
10. Білім беру процесінің объектілері мен субъектілерінің өзара әрекеті;
11. Денсаулық сақтау және тамақтану
12. Нормативтік құжаттар;
13. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.

I. Жалпы қағидалары

- 1) Осы Ереже "К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты" (бұдан әрі РММОМИ) жалпы білім беру бөлімінің сапа менеджменті жүйесінде (бұдан әрі СМЖ) қызметін ұйымдастыру тәртібін реттейді.
- 2) Жалпы білім беру бөлімі: бастауыш 1-4 сыныптар; негізгі орта 5-9 сыныптар; жалпы орта 10-12 сыныптар деңгейлері бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша оқытуды жүзеге асыратын РММОМИ құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 3) Жалпы білім беру бөліміне басшылықты директордың ұсынуы бойынша жетекшілік ететін ведомство министрлінің бүйрекімен лауазымға тағайындалатын директордың оку жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.
- 4) Жалпы білім беру бөлімінің жұмысы мектеп директорымен бекітілген, директордың оку жұмысы жөніндегі орынбасары әзірлеген оку жылына арналған бөлімнің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жалпы білім беру бөлімінің мақсаттары мен мәселелері

Мақсаттары:

- 1) Білім алушылардың «Білім туралы» Занының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленген тиісті мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- 2) МЖМБС талаптарына сәйкес окушылардың жалпы және қасіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау, функционалдық сауаттылықты дамыту;
- 3) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары мазмұнының міндettі минимумын игеру негізінде білім алушылардың жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру.

Негізігі мәселелер:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеушілікке тәрбиелеу;
- 2) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, Қазақстан Республикасында тұратын қазақ халқының және басқа да ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу;
- 3) білім алушының жеке басының психикалық, эмоционалдық және физикалық дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау, онын мүдделері мен бейімділігін, әлеуметтік және қасіби өзін-өзі анықтау қабілетін дамыту;
- 4) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, білім алушылардың деңсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 5) құзыреттілік тәсіл негізінде білім беру қызметтерінің мазмұнын үздіксіз шығармашылық жетілдіру, жаңа білім беру бағдарламалары мен технологияларын пайдалану.

3. Жалпы білім беру бөлімінің құзыреттері

- 1) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес білім беру процесін жүзеге асырады;
- 2) білім беру процесіне барлық қатысушылардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 3) мектеп жарғысының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4) білім беру процесін үйімдастыру және оған қатысушылардың қызметін үйлестіру жөніндегі қажетті құжаттаманы әзірлейді және бекітеді;
- 5) мектеп окушыларының жалпы білім беру бағдарламаларын менгеруін бақылауды жүзеге асырады; окушылардың білім сапасына мониторинг жүргізеді;
- 6) тиісті құжаттаманы дайындау арқылы мектеп әкімшілігін оку-тәрбие процесінің жағдайы және оның қызметінің тиімділігі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

- 7) Білім беру процесіне әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 8) оку бағдарламасын менгермен оқушыларды оқудан шығаруды ұсынады;
- 9) педагогикалық бос жұмыс орындары бойынша мектепке қабылдауга әнгімелесуге қатысады;
- 10) педагогикалық жүктемені бөлу мәселелерін алқалы түрде талқылайды;
- 11) мектептің жалпы білім беру бөлімінде педагогикалық қызметкө алғаш кірген мұғалімдерге тәлімгерлікті жүзеге асырады;
- 12) бөлімші педагогтерін көтермелеу, марапаттау және премия тағайындау үшін әкімшілік алдында өтініш жасайды.

4. Жалпы білім беру бөлімінің жұмыс тәртібі

- 1) Бөлімдегі оку-тәрбие процесі күндізгі оку нысанында оку жұмыс жоспарларына және оку жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2) Төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде "Білім туралы"ҚР Заңының 37-2-бабының 2-тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтықтан оқыту енгізіледі.
- 3) Ауа райының қолайсыздығына байланысты қашықтықтан оқыту Алматы қаласы білім беруді басқару органының бүйрығы негізінде ұйымдастырылады.
- 4) Мектеп қашықтықтан оқытууды ұсынады:
 - белгілі бір кезеңге деңсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;
 - халықаралық, респубикалық зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдерге қатысушыларға қатысу кезеңіне және оларға дайындық кезеңіне музика бөлімі басшысының ходатайсвоы бойынша;
 - по заявлению родителей или иных законных представителей решением педагогического на определенный период.
 - ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің өтініші бойынша белгілі бір кезеңге арналған педагогикалық шешіммен.
- 5) Оку-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып оку жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ететін, оку-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу табылады.
- 6) Жалпы білім беретін пәндер, арнайы курстар, міндетті факультативтер бойынша оқыту бағдарламаларын орындау, сондай-ақ оқушыларды қорытынды аттестаттауға, оқушылардың шығармашылық қызметімен, олардың ғылыми жұмысымен, спортпен шұғылданумен, СӘС егумен және т.б. дайындауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс оку жоспарының вариативтік бөлігінен педагогтің негізгі апталық жүктемесіне сағат бөлінеді. Олар бойынша күнтізбелік-такырыптық жоспарлар жасалады, орындалуын есепке алу бейімделген электрондық журналында жүргізіледі.

- 7) Вариативті құрамдас бөліктен сағаттарды бөлу үшін әр оқу жылына педагог осы жұмыстың қажеттілігін негіздей отырып қызметтік жазба жазады, ұсыныс жалпы білім беру бөлімшесі педагогтерінің жалпы жиналысында қаралады, онда олардың орындылығы қаралып, бұдан әрі сағат бөлу туралы ұсыныс педагогикалық кеңестің қарауына шығарылады, ал онда белгілі бір факультативтік сағаттарды бөлу туралы түпкілікті шешім шығарылады.
- 8) Жалпы білім беру бөлімі білім беру процесінің барлық кезеңдерінде оқыту сапасын бақылауды әдістемелік қамтамасыз етуді уақтылы жүзеге асырады.
- 9) Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған бекітілген оқу-тәрбие процесінің кестесі және музикалық-теориялық пәндер интеграцияланатын сабактардың лайықты кестесі негізінде жүзеге асырылады.
- 10) Жалпы білім беру бөлімі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- 11) Педагогикалық қызмет мүгедек адамдардың құқықтарына құрметпен қарай отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.
- 12) Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты физикалық, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін колдануга жол берілмейді.
- 13) Гылыми және әдістемелік қызметті үйлестіру және жетілдіру мақсатында жалпы білім беру бөлімінде пән мұғалімдерінің әдістемелік кеңесі мен әдістемелік бөлімшелері жұмыс жасайды, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер туралы ережелері бар.
- 14) КР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес сыныптан тыс тәрбие жұмысын және окушылармен үйымдастырушылық жұмысты жүзеге асыру мақсатында әр сыныпта сынып жетекшілері тағайындалады.
- 15) Сынып жетекшілері Қазақстан Республикасының атаулы күндеріне арналған сынып сағаттарын, әнгімелесулерді, кештерді, кездесулерді, ашық іс-шараларды, экскурсияларды, сапарларды және сабактан тыс жұмыстың басқа да түрлерін өткізеді.
- 16) Оқу-тәрбие процесінің психологиялық жетелеуін жүзеге асыру, психологиялық, әдістемелік көмек көрсету және білім беру процесіне қатысушылар үшін кеңес берулер жүргізу мақсатында жалпы білім беру бөлімінде психолог-педагогтің жұмысы үйымдастырылады. Жұмыс Мектептің әдістемелік қызметі туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Білім берудің үлгерімі мен сапасын бағалау және бақылау;

- 1) Жалпы білім беру бөлімінде оқу жұмысын есепке алу оқу сағаттарында оқу бағдарламаларының орындалуын есепке алудың электрондық журналын жүргізу арқылы жүзеге асырылады;
- 2) Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын менгеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүзеге асырылады;

- 3) Гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша оқушыларды аралық аттестаттау мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітіледі;
- 4) Ұлгерімді ағымдағы бақылау бөлімге жиынтық бағалау (БЖТ) және токсанга жиынтық бағалау (БЖТ) рәсімдері арқылы жүргізіледі. Педагогтер білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру түрлерін, тәртібін және кезенділігін өз бетімен жеке таңдайды;
- 5) Негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру мемлекеттік бітіру емтихандары форматында уәкілетті органның бүйрықтары мен нұсқау хаттарына сәйкес білім алушыларды міндетті корытынды аттестаттаумен аяқталады;
- 6) Жалпы білім беретін пәндер бойынша бағдарламалардың игерілуін бақылау мақсатында директордың ОЖ жөніндегі орынбасары ЗУН-ның әртүрлі бөлімдерін жедел мектепшілік бақылаудың басқа түрлерін ұйымдастырады;
- 7) Оқушылардың ұлгерімінің нәтижелері бойынша нақты пән бойынша жеке түзету жұмыстары жүзеге асырылады, оку жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен косымша сабактарға сағат бөлінуі мүмкін;
- 8) Корытынды аттестаттауга кіретін пәндер бойынша оку жылының корытындылары бойынша ұлгерімнің тұрақты тәмен көрсеткіштерін көрсету кезінде: Қазақстан тарихы, математика, оқыту тілі, ағылшын тілі, қазақ сыныптарындағы орыс тілі, орыс сыныптарындағы қазақ тілі, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша "дарынды балаларға арналған мектептер" оқушы мәртебесіне сәйкес келмейтін ретінде мектептен шыгарылуы мүмкін;
- 9) Мұғалімнің педагогикалық қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында оқушылардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің жалпы білім беретін пәндер бойынша сабактарға қатысуына жол берілмейді;
- 10) Ата-аналардың және оқушылардың өзге де занды өкілдерінің жалпы білім беретін пәндер бойынша сабактарға қатысуына мектеп әкімшілігінің және педагогтің рұқсатымен педагог пен оқушы арасында коммуникативтік проблемалар туындаған жағдайларда жол беріледі.

6. Жалпы білім беру болімі басшысының функциялары,

құқықтары мен міндеттері

Директордың оку жұмысы жөніндегі орынбасары

келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) бөлімде оку-тәрбие жұмысын ұйымдастыру және оған басшылық ету;
- 2) Қазақстан Республикасы МЖМБС бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру талаптарының орындалуын қамтамасыз етуді бақылау;
- 3) үлгілік оку жоспарлары негізінде ағымдағы оку жылына арналған оку жоспарын әзірлеу және педагогикалық жүктемені бөлу;
- 4) бөлім педагогтерінің оку сабактарының кестесін сақтауын, сабактардың уақтылы басталуы мен аяқталуын, өздерінің кәсіби міндеттерін адаптацияны бақылауды жүзеге асыру;

- 5) бөлімде оқушылардың үлгерімі мен сабакқа қатысуын, сынып жетекшілерінің үлгерімі мен сабакқа қатысуы бойынша мәліметтерді уақтылы тапсыруын бақылауды және есепке алууды жүзеге асыру;
- 6) бөлім отырыстарын, ата-аналар жиналыштарын, бөлім оқушыларының жалпы жиналыштарын, оку топтарын ұйымдастыру және өткізу;
- 7) жылдық және статистикалық есептерді, педагогикалық кеңестерді, әдістемелік кеңестерді, кеңестерді жасау үшін бөлім бойынша деректерді дайындауды жүзеге асыру;
- 8) бөлімдегі құжаттаманы жүргізуді жүзеге асыру;
- 9) оқушыларды мектепке қабылдау, тұрақты үлгідегі құжаттарды толтыру, түрлі комиссиялар және т. б. бойынша жұмыс тобын құру.
- 10) әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және бақылау.

Құқылы:

- 1) барлық пәндер бойынша оку сабактарына қатысуға;
- 2) оку бөлімі топтарының басшыларынан және сынып жетекшілерінен белгіленген есептілік формаларын уақтылы тапсыруды талап ету;
- 3) оку сабактарын бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудың барлық формаларында қатысуға;
- 4) мектептің оку-тәрбие және әдістемелік жұмыс процестерін жетілдіруге қатысуға;
- 5) бөлімнің нормативтік-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша мектеп әкімшілігіне ұсыныстар енгізуге;
- 6) біліктілікті жүйелі түрде арттырып, белгіленген мерзімде аттестаттаудан өтуге.

**7. Жалпы білім беру бөлім педагогінің құқықтары мен міндеттері
Жалпы білім беру бөлімінің педагогы кәсіптік қызметтің жүзеге асыру**

барысында құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің МЖМБС талаптары сақталған жағдайда кәсіптік қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен формаларын ерікті таңдауға;
- 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарарапынан заңсыз араласудан және кедергілерден қорғау;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарарапынан мамандыққа құрметпен қарауын және тиісті мінездүлік танытуына;
- 4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасызын етіп, қажетті жағдайлар жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) шығармашылық бастамалар, авторлық бағдарламалар мен оқыту мен тәрбиелеу әдістерін әзірлеу, қолдануға, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, негұрлым жетілдірілген әдістерін дамытып, таратуды қамтиды;

- 7) Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, материалдарды және оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдар мен білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ окулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеу процесіне қатысуға;
- 9) біліктілік санатын мерзімінен бұрын көтеруге;
- 10) сауықтыруға;
- 11) білім беру үйымының сайланбалы органдарына қатысуға;
- 12) мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар және атаулы стипендиялар түріндегі педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін моральдық және материалдық көтермелелеулерге;
- 13) білім беру үйымының алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 14) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда кемінде бір рет біліктілікті арттыруға;
- 15) білім алушылар, тәрбиленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намыс пен қадір-қасиеттіне құрмет көрстетілуіне.
- 16) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиеттің қорғалуына;
- 17) білім беру үйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;

Жалпы білім беру болімінің педагогы міндетті:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерге ие болуға;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыруға (растастауға);
- 4) педагогикалық әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімді медициналық қарап-тексеруден өтуге;
- 6) бес жылда кемінде бір рет педагогикалық біліктілігін арттыруға;
- 7) білім алушылардың, тәрбиленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиеттің құрметтеуге;
- 8) балаларды заңға, адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлken, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге, жоғары адамгершілікке, патриотизмге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға құрмет рухында тәрбиелеуге;
- 9) білім алушылар мен тәрбиленушілерде өмірлік дағдыларды, құзыреттерді, дербестікті, шығармашылық қабілеттерді дамытуға және салауатты өмір салты мәдениеттің қалыптастыруға;
- 10) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж баланы анықтау фактілері туралы білім беру үйымының басшылығына дереу хабарлауға;

- 11) кәмелетке толмағандардың қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру үйымынан тыс қәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау фактілері туралы немесе оларға қатысты құқық корғау органдары мен білім беру үйымының басшылығына дереу хабарлауға;
- 12) ата-аналарды немесе өзге де занды өкілдерді оқу-тәрбие процесінің барысы және білім алушылардың үлгерімі туралы хабардар етуге, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес беруге;
- 13) өзіне сеніп тапсырылған мүлік пен үйымдастыру техникасын тұтастай сақтауға, кабинет пен жабдықты жөндеуге өтінімдерді уақтылы ұсынуға

8. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

Білім алушылар құқылы:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) оку жоспарларына сәйкес балама курсарды таңдауға;
- 3) пәндей олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауларына, тандау бойынша шығармашылық байқауларға қатысуға;
- 4) окушылар кеңесінің құрамында мектепті басқаруға қатысуға;
- 5) мектептің акпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуіне;
- 6) Спорт, оку, концерт залдарын, кабинеттерді, сыныптарды, музикалық аспаптарды, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 7) Өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 8) өзінің адами қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 9) окудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеген және сыйақыларға;
- 10) педагог бағаларын әділетсіз төмендеткен жағдайда ТЖБ және БЖБ нәтижелеріне шағымдануға.

Білім алушылар міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының лайықты азаматтары болып, өз елінің Конституциясын білуге және сақтауға, мемлекеттік рәміздерді: Елтанбаны, туды және Әнұранды құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге;
- 2) конституцияға қарсы кез келген көріністерге төзбеушилікті көрсету;
- 3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдылар мен құзыреттерді менгеруге;
- 4) ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға, мектеп жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті;
- 5) адал, мұкият оқып, дәлелді себептерсіз сабактарды өткізуға, өзін үлгілі ұстауға,

- 6) сынып пен мектеп өміріне және қоғамдық пайдалы еңбекке белсенді қатысуға;
- 7) өз деңсаулығына қамқорлық жасап, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге үмтүлуға;
- 8) белгілі бір жасқа толғаннан кейін окушылар үшін белгіленген тиісті медициналық тексеруден өтуге;
- 9) тиісті жасқа толғаннан кейін ер балалар үшін тіркеу қуәлігін алуға, медициналық тексеруден өтуге;
- 10) белгіленген мектеп формасын сақтауға;
- 11) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, мектеп дәстүрін құрметтеуге;
- 12) мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға, оның сақталуына жауапты болуға;
- 13) мектеп басшылары мен мұғалімдердің нұсқауларына бағынуға, оларға тиісті құрмет көрсете отырып, білім алушылар мен мектеп қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

Білім алушыларды ынталандыру формалары:

- 1) Алғыс айту, мақұлдау;
- 2) құрметті міндеттерді тапсыру;
- 3) мактау грамоталарымен, дипломдармен марапаттау;
- 4) окушының жетістіктері туралы фотосуреттерді, бейнелерді және басқа ақпаратты әлеуметтік желілердегі мектеп паракшаларында, мектеп сайтында, стендерде орналастыру және т. б.

Тәртіптік шара қарастырылатын жағдайлар:

- 1) мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін (дәлелді себептерсіз үнемі кешігу, жиі сабактарды өткізіп жіберу, мектептегі міндеттері мен бұйрықтарды орындау), сондай-ақ педагогтердің немесе мектеп қызметкерлерінің негізделген шағымдары болған жағдайда;
- 2) мектеп мүлкін ұрлаганы немесе бұлдіргені үшін және басқа да құқыққа қайши әрекеттер үшін;
- 3) окушылардың қоғамға қарсы міnez-құлқы үшін;
- 4) темекі шегу және спирттік ішімдіктерді, есірткі құралдарын пайдаланғаны үшін;
- 5) педагогке қатысты дөрекілігі үшін.

Тәртіптік шара қолдану формалары:

- 1) күнделікке жазу;
- 2) белгіленген ережелерді бұзғаны үшін мектеп әкімшілігі мүшелерінің қатысуымен тәрбиелік әнгіме;
- 3) құқық бұзушылықтар үшін ювеналды полиция өкілдерімен тәрбиелік әнгімелесу;
- 4) окушыны сыныптан шығару (ерекше жағдайларда сыныптың қызығушылығын қорғау шарасы ретінде колданылады). Бұл шара сынып жетекшісі мен білім алушының занды өкілдерін хабардар ете отырып,

мектеп әкімшілігі мүшелерінің, психологтың қатысуымен тәрбиелік әнгімелесу өткізу үшін жүзеге асырылады.

- 5) баланың тәртіп бұзушылығы үшін жауапкершілікті жүктеу мақсатында ата-аналарын мектепке шақыру; шақыруды елемеген жағдайда олардың жұмыс орны бойынша хабардар ету жолымен ата-аналарды немесе занды өкілдерді мектепке шақыру;
- 6) колданыстағы заннамаға және мектеп Жарғысына сәйкес мектептен шығару.

9. Ата-аналардың және өзге занды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері

Кәмелетке толмаган балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері құқылы:

- 1) білім беру үйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес алуға, өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға;
- 3) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 4) олардың балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алудына;
- 5) жанжалдарды реттеу жөніндегі комиссияға жүгінуге;
- 6) заннамада тыйым салынбаган өз мүдделерін қорғаудың баска да тәсілдерін пайдалануга;
- 7) мекеме қызметкерлерінің өзінің лауазымдық жағдайын теріс пайдалану фактілері туралы жоғары түрған органдарға хабарлауға;

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдерінің міндетті:

- 1) балалардың өмір сүруі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дene күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) мектеп жарғысында белгіленген ережелерді орындауға;
- 3) балалардың сабакқа қатысуын қамтамасыз ету;
- 4) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 5) қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, мектеп қызметкерлеріне құрметпен қарауға, олардың оку жөніндегі ұсынымдарын орындауға, сыпайылық танытуға, жанжал туғызыбауға тиіс.

10. Білім беру процесінің объектілері мен субъектілерінің өзара әрекеті; Жалпы білім беру бөлімнің педагогтары өзара іс-кимыл жасайды:

- 1) Директордың оку жұмысы жөніндегі орынбасарымен – сабак кестесін, аралық және қорытынды аттестациялау, статистикалық есептерді жасау мәселелері бойынша;
- 2) Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен – бөлімде тәрбие жұмысын үйімдастыру, жүргізу және үйлестіру мәселелері бойынша;

- 3) директордың музыкалық жұмыс жөніндегі орынбасарымен – сабак кестесін құру, аралық және қорытынды аттестаттау, мектеп қызметін үйлестіру мәселелері бойынша;
- 4) мектептің музыкалық бөлімдерінің менгерушілерімен – білім беру процесін ұйымдастыру, сабакқа қатысу және ұлгерім, окушылардың мектептің ішкі тәртібін бұзу, контингент қозғалысы, есептілікті дайындау және тапсыру мәселелері бойынша;
- 5) интернат менгерушісімен – сабакқа қатысу, окушылардың ұлгерімі мен мінез-құлқы және оқу-тәрбие жұмысын үйлестіру мәселелері бойынша;
- 6) кітапханамен – окушыларды оқу-әдістемелік және анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз ету мәселелері бойынша;
- 7) директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарымен – білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша;
- 8) білім алушылардың ата-аналарымен, өзге де заңды өкілдерімен, жалпымектептік ата-аналар комитетінің мүшелерімен және төрағасымен, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеспен, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі қоғамдық кеңеспен және мектептің басқа да қоғамдық органдарымен.

11. Жалпы білім беру боліміндегі окушылардың денсаулығын сақтау және олардың тамақтануы

- 1) аурулардың алдын алу, денсаулықты нығайту, дene бітімін жетілдіру, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қажетті шараларды орындау қамтамасыз етіледі;
- 2) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оку жүктемесі, сабак тәртібі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оку жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған ережелермен белгіленеді;
- 3) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына, оларға медициналық қызмет көрсетуге жүйелі бақылау жүзеге асырылады;
- 4) сабак кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін үзілістерді көздейді;
- 5) білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалады.
- 6) тамақтану сапасын бақылау, сондай-ақ, балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу кезінде мектептің медицина қызметкерлеріне жүктеледі.

12. Нормативтік базасы

Жалпы білім беру болімі өз қызметінде басшылыққа алатын құжаттар:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) «Білім туралы» 27.07.2007 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы;
- 3) Қазақстан Республикасының 25.11.2015 жылғы Енбек кодексі;
- 4) 01.09.2021 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» КР Заңы;

- 5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы;
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19.01. 2012 жылғы «Білім беру үйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта кабылдау қағидалары» № 110 Қаулысы;
- 7) Білім және ғылым министрлігінің 21.11.2007 жылғы «Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» № 565 бұйрығы;
- 8) Білім және ғылым министрінің 23.10.2007 жылғы «Білім беру үйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» № 502 Бұйрығы;
- 9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты;
- 10) Мектеп жарғысы



Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:


- 1) **бастауыш мектеп** - бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимы;
- 2) **негізгі мектеп** - бастауыш және негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимы;
- 3) **жалпы білім беретін мектеп** – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;
- 4) **орта және жалпы орта білім беру** – оқыту мен тәрбиелеуді іске асыратын білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі;
- 5) **білім беру оқу бағдарламасы** – білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде әзірленетін құжат;
- 6) **типтік оқу жоспары** – пәндердің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау формаларын белгілейтін негізгі құжат;
- 7) **оқу жұмыс жоспары** – оқу орны бекітетін үлгілік оқу жоспарларының негізінде әзірленетін, оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, окуды үйымдастырудың, білім алушылардың білімі мен іскерлігін бақылаудың дәйектілігін, қарқындылығын және негізгі формаларын реттейтін құжат;
- 8) **күнтізбелік-такырыптық жоспар** – бұл пәннің жұмыс бағдарламасы, жұмыс оқу жоспары және күнтізбелік оқу кестесі негізінде жасалған оқу-әдістемелік құжат.
- 9) **сабакты жоспарлау** – бұл оқу сабагының тақырыбын, мақсаттарын, өткізу барысын және педагогикалық бақылаудың ықтимал формалары көрсетілген, қысқаша сипаттамасы.

- 10) **жынтық бағалау** – тоқсан / жартыжылдық (пәніне байланысты) аяқталғаннан кейін балдарды енгізу арқылы ұсынылатын бағалау түрі - ТБЖ, сондай - ақ оқу бағдарламаларының бөлімдері - БЖБ.
- 11) **формативті бағалау** – бұл сыйынтағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Формативті бағалау тоқсан бойы 10 балдық жүйе форматында өтеді.
- 12) **қорытынды аттестаттау** - білім алушылардың жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін менгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.
- 13) **емтихан ведомосы** - аралық аттестаттау қорытындылары бойынша топ окушыларының үлгерімін көрсететін құжат;
- 14) **мемлекеттік бітіру емтиханы** - орта білім беру курсын аяқтағанын куәландыратын мемлекеттік үлгідегі құжатты алу үшін қажетті шарт болып табылатын, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау формасы.
- 15) **әдістемелік кеңес** - ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, білім беру процесінің нәтижелілігін талдау мен бағалауды, инновациялық педагогикалық тәжірибелі жалпылау мен таратуды қамтамасыз ететін мектептің құрылымдық бөлімшесі, бұл педагогтердің шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал өтеді;
- 16) Осы Ережеде мынадай қыскартулар пайдаланылады:
- 1) МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты;
 - 2) ТОЖ – типтік оқу жоспары;
 - 3) ЖОЖ — жұмыс оқу жоспары;
 - 4) СМЖ – сапа менеджменті жүйесі

Әзірлеуші:

№	Қызметкер аты-жөні	лауазымы	қолы
1.	Салпынов Жанас Нуртлеевич	Тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі	
2.	Молдыбаева Шолпан Борибаевна	Тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі	

Келісілді:

№	Қызметкер аты-жөні	лауазымы	қолы
1.	Кошкарбаева Алия Рахимжановна	«Адалдық алаңы» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі қоғамдық кенесінің төрағасы	
2.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Оқу жұмысы бойынша директордың орынбасары, экімшіліктің менеджмент сапасы жөніндегі өкілі	
3.	Болсамбеков Нияз Абдықадырович	Зангер	